



№1 педагогикалық кеңестің  
шешімімен бекітілді:  
КМҚК №33 «Көркемай»  
бөбекжай-бақша директоры:  
*Г. Конаева* Конаева Г. К.

**№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасының 2020-2021 оқу жылындағы мектепалды даярлық тобының балаларына арналған вариативтік компонент «Алтын асық» бойынша оқу жоспары.**

**Мектепалды даярлық топ балаларымен қызығушылығы бойынша қйымдастырылған ұлттық ойын қызметінің күнтізбелік–тақырыптық жоспары  
«Алтын асық» 2020-2021**

№	Блок тақырыбы Апта тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны
«Балабақша»	«Менің балабақшам» Асықпен ойналатын ойын түрлері.	Балабақша балалар мекені екенін ұғындыру. Оларды татулыққа, өзара достыққа тәрбиелеу. Асықпен ойналатын ойын түрлерімен таныстыру. Ұлттық ойындарды үйренуге құштарлықтарын ояту.
	«Менің достарым» Асық-ойын құралы.	Балабақшада балаларды өзара сыйластық, достық қарым-қатынасқа үйрету. Асықтың жату түрлерімен таныстыру. «Сақа» асығымен танысу.
	«Менің сүйікті ойыншықтарым» Ойын «Сикырлы қалта»	Балаларды өздері туралы білуге үйрету. Сезім мүшелері арқылы заттарды сипапа сезу қабілеттерін дамыту, асықтың қалай жатқанын алақан арқылы сипалап сезіну.
	«Жиназдар» Ойын «Жыл мезгілдері»	Асықпен ойнай отырып қызық тапсырмалар орындауға тез ойлауға, логикалық ойлауға жаттықтыру.
«Менің отбасым»	«Менің отбасым. Үлкендердің еңбегі» «Жұбын тап»	Өз отбасыларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жанұя білімді бекіту. Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Ұйымшылдыққа, татулыққа тәрбиелеу.
	«Менің көшем» Ойын «Бәйге»	Балалардың өз мекенжайлары туралы тәрбиелеу. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Берілген дыбысқа сөз ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту. Ойын арқылы тапқырлыққа тәрбиелеу.
	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» Ойын «Дүкен»	Үй мен көше туралы түсінік беруді жалғастыру. Өз отбасыларын сүйуге және олардың көшелерді зерттеуге қызығушылыққа тәрбиелеу. Сөздегі дыбыстарды буынға бөлуді қалыптастыру.
	«Алтын күз» «Асықтар шатысты»	Сандар қатарындағы сандар орны жайлы білімдерін нығайту. Санау дағдыларын жетілдіру.
«Менің Қазақстаным»	«Тарихқа саяхат» «Бәйге»	Балалардың өз Отаны туралы түсініктерін жетілдіру. Туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Ұлттық ойынға қызығушылықтарын ояту, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.
	«Туған өлкем» «Лулия шеңбері»	Балаларға туған өлкелері туралы мәлімет беру. Туған жерлерін сүйуге қабілетке тәрбиелеу. Балаларға терең ойлау, өздігінен ізденіп, оқып-білу іс-әрекеттерін меңгерту. Санау тәсілдерін дамыту.

	«Нұрсұлтан Отанымыздың жүрегі» «Кім зейінді?»	Балаларға Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет екені туралы түсінік беру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсінігін жетілдіру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге тәрбиелеу. Балалардың ептілік қасиеттерін дамыту.
	«Хош келдің жаңа жыл!» «Апта күндері»	Балаларды мерекелерді қуанып қарсылауға үйрету. Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.
«Табиғат әлемі»	«Мені қоршаған орта» «Кім тапқыр?»	Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту. Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау. 10-ға дейін санауды бекіту. Ауызша есептеуге дағдыландыру.
	«Жануарлар әлемі» «Қанша болса, сонша»	Сандарды танып білуге жаттықтыру, берілген тапсырманы дұрыс орындай білуге дағдыландыру.
	«Құстар біздің досымыз» «Буынға буын қос»	Балаларды әртүрлі жағдайға байланысты әрекет етуге қалыптастыру. Басталған буынға жаңа буын қосып сөз ойлау, зейінділікке баулу.
	«Ғажайып қыс» «Өз орныңды тап»	Өлі табиғат туралы түсінік бере отырып, оны адам қолымен жасалған заттардың ажыратуға тәрбиелеу. Сандарды ретімен орналастыруға жаттықтыру. Тура және кері бағытта санауға қалыптастыру. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын туғызу.
	«Ғажайыптар әлемі» «Мұнара құрастыру»	Табиғат әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру. Өлі табиғат туралы түсінік бере отырып, оны адам қолымен жасалған заттардың ажыратуға тәрбиелеу. Балаларды құмның қасиетімен таныстыру. Олардың саусақ моторикасын, қозғалу координатын дамыту.
«Бізді қоршаған әлем»	«Көліктер» «Жоғалған асықтар»	Көліктер туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға үйрету. Жолда жүру ережелерін сақтау туралы түсіндіру. Асықтарды өсу немесе кему ретімен жинақтауға тәрбиелеу.
	«Электроника әлемі» «Дыбыстық талдау»	Қоршаған ортадағы электроника заттары туралы білуге қызығушылықтарын арттыру. Сөздегі дыбыстарды ажырата білуге, оларды дыбыстық талдау жасауға үйрету.
	«Мамандықтың бәрі жақсы» «Домино»	Еліміздің табиғат байлықтары (көмір, мақта, күріш, ұн, қант, көкөністер мен жемістер, құнбағыс майы (құнбағыстың дәні) және т.б. көрсетіп, ол туралы не білетіні мәлімет беру. Оларды өңдеуші адамдар туралы ұғым беру. Санау дағдыларын жетілдіру, ойын барысында татулыққа тәрбиелеу.
	«Нұр төккен гүл көктем» «Неше буын?»	Көктемдегі табиғаттың түрленуі туралы білімдерін кеңейту. Суретке қарап отырып бейнеленген бейнені буынға бөлу арқылы олардың неше буыннан тұратынын ажыратуға дағдыландыру.
«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күші»	«Салттар мен дәстүрлер» «Дүкен»	Балаларды ауыз әдебиеті үлгілеріне қызығушылығын тәрбиелеу. Көрсетілген дыбысқа сөз ойлауын жетілдіру.
	«Наурыз келді» «Дүкен»	Балаларды байланыстырып сөйлеуге тәрбиелеу. Берілген суретке қарап сөйлем ойлау қабілеттерін жетілдіру.

	«Қазақтың қол өнері бұйымдары» «Бәйге»	Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Жылдың көктем мезгілінде табиғаттың түрленетінін, жан-жануардың жанданып, гүл қаулайтыны туралы ұғым беру. Берілген дыбысқа сөз ойлау қабілеттерін жетілдіру.
«Жер ана»	«Аялайық гүлдерді» «Түрлі – түсті асықтарды тізбектеу»	Гүлдермен таныстыру, олардың бөліктерін атай білуге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. Балаларға терең ойлау, өздігінен ізденіп, оқып-білу іс-әрекеттерін меңгерту. Санау тәсілдерін дамыту. Әр түрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу. Түстері бойынша тізбектелген асықтарды санап салыстыру арқылы санауға үйрету.
	«Гарышқа саяхат» «Асықтар адасты»	Нан өнімдері туралы түсінік беру. Екінші мамандығы туралы білім беру, оларды мақтан ету, құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу. Асықтарды санау ретімен орналастыруға, турат және кері санауға жаттықтыру.
	«Жәндіктер мен қосмекенділер» «Жұбын тап»	Жәндіктерге қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. Геометриялық пішіндерді ажырата білуге салыстыруға жаттықтыру.
	«Еңбек бәрін жеңбек» «Луллия шеңбері»	Санау тәсілдерін дамыту. Әр түрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.
«Бір шаңырақ аясында»	«Достық – біздің тірегіміз» «Түстері бойынша жинақтау»	1 Мамыр Қазақстан халқының ынтымақ күні туралы түсінік беру. Түстері бойынша жинап санау, салыстыру.
	«Отан қорғаушы батырлар» «Нешінші?»	Отан қорғаушылар мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың бойына патриоттық сезім тәрбиелеу. Реттік санауды жетілдіру. Балалардың сөздік қорын дамыту, қызығушылықтарын дамыту.
	«Көңілді жаз» «Дыбыстық талдау»	Жәндіктер – табиғаттың бір бөлшегі екенін, оларды орынсыз жәбірлемеу қажеттігін ұғындыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.
	«Мен жасай аламын» «Алтын асық»	Балаларға жайқалған жаз мезгілінің ерекшелігі туралы түсіндіру. Балалардың ойынын қортындылау. «Асық ату», «Хан талапай» ойындарынан сайыс
«Күз сыйы»	«Көкөністер» Ойын «Кім зерек?»	Адам мен табиғаттың тығыз байланыста болатынын түсіндіру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Балаларды байқампаздыққа, ептілікке баулу.
	«Жемістер» «Өз орныңды тап»	Балаларға табиғат аясындағы серуеннің маңызы жөнінде түсіндіру. Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, ойын ережелерін сақтауға дағдыландыру.



	«Азық түліктер» «Түрлі-түсті моншақтар»	Ойын арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру. Асықтарды түсіне қарай айыра білуге, қол және саусақ ұштарының моторикасын дамыту.
	«Жомарт күз. Дәрумендер» «Кеңістікті бағдарлау»	Күзгі бау-бақша өнімдерінің, күз байлығының пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Балалардың ойын дамыту, сөздік қорын молайту. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, есте сақтау, кеңістік бағыттарын ажыратуға қалыптастыру.